

QarMTU | KarGTU



1953

Тақырып: Отбасы және қазіргі заман.

Дін, мәдениет және қоғам.

Пән: Әлеуметтік-саясаттану білім модулі

Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған

Дәріскер: аға оқытушы Сарсенбеков Н.Ж.

Қарағанды 2022



Дәріс жоспары

1

Отбасы, оның белгілері мен қызметтері.

2

Отбасының тәрбиелік мәні.

3

Діннің әлеуметтік мәні

4

Мәдениетті әлеуметтану тұрғыдан түсіну.

5

Қоғам түсінігі

Отбасының белгілері мен қызметтері.

Әлеуметтанушылар ерекше бір құбылыс, әлеуметтік жүйе ретінде қарайды, оны әлеуметтік институт және кішігірім топ ретінде талдап зерттейді. **Отбасы** – бұл адамдардың некелік және туыстық, жалпы тұрмыстық байланысқа және өзара жауапкершілікке негізделген адамдардың бірлігі.

Отбасының аса маңыздылығы оның екі негізгі қоғам алдында атқаратын қызметінен көрінеді. **Біріншіден** отбасы – ол адамдардың ерекше тобы, себебі оның құрамы сырттан келетін адамдар санымен немесе сырттан келетін адамдар санының өсуімен байланысты емес, ол өз ішінде туатын балалар санымен көбейіп, өсіп отырады. Бұл топ қоғамның биологиялық жағынан үздіксіз дамып отыруын қамтамасыз етеді. Басқаша айтқанда, адамдардың санын көбейтіп, өсіріп отырады. Отбасының **екінші негізгі** атқаратын қызметі – ол қажетті мәдени мұраны қоғамдағы өзінен жоғары үлкен бірліктер арқылы бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жалғастырып отырады. Отбасының объективтік өзгеру процесі оның оның топ ретіндегі сипаттамасымен байланысты болады. **Қазіргі отбасы** – неке және балалардың денсаулығын сақтау, оларды тәрбиелеу, құқықтық жауапкершілігі бар институционалдық бірлік ретінде зерттеледі.

Американ әлеуметтанушысы Хиллдің көзқарасына сәйкес, қандай да бір отбасы болмасын, оның төмендегідей **жалпы белгілері** болады.

1. Отбасы мүшелері әр уақытта бір-біріне өзара тәуелді болып келеді, соған сәйкес отбасының бір мүшесінің мінез-құлқы өзгерсе, ол басқалардың да мінездерінің өзгеруіне әкеледі.

2. Қандай да бір отбасы болмасын, ол біртұтас және жеке болады, оның басқалармен байланысы белгілі бір дәрежеде шектеулі болады.

3. Отбасы-бейімделуші ұйым, ол өзін қоршаған әлеуметтік ортада тепе-теңдік сақтауға тырысады.

4. Отбасы дара бүтіндік ретінде сыртқы факторларға байланысты міндеттерді орындаумен бірге, әрбір отбасы өз мүшесінің талап-тілегін, мұң-мұқтажын орындауды қамтамасыз етеді.

Отбасы **жеке–дара институт** ретінде - оның тұрмыстық салты қоғамдық мүддеге сәйкес немесе сәйкес келмейтін жағдайларда зерттелінеді. Отбасын әлеуметтік институт ретінде осылай зерттеу арқылы болашақ отбасының өзгеру үлгісін жасайды.

Ерлі-зайыпты адамдардың арасындағы қатынастар некелесу алуан түрлі тәртіп бұзушыларға қарсы қолданылатын жазалау шараларының жиынтығы арқылы зерттеліп отырады. Бұл некелесу ұйымы еркек пен әйелдің арасындағы қарым-қатынастарды реттеп отырудың әлеуметтік ережелерінің, олардың арасындағы міндет пен құқықтың жиынтығын белгілейді. Отбасының топ ретінде дұрыс қызмет атқаруы, оның өмір сүруін қамтамасыз етеді. Осы ережелер, оның ішінде міндет пен құқық ережелері құқықтық сипатта болады. Ол неке мен отбасы туралы заң мен кодекстер арқылы реттелінеді. Бекітілген құқықтық ережелерге кіретін мәселелер: мүлікке иелік ету, ерлі-зайыпты адамдар балаларын және бір-бірін материалдық қамтамасыз ету және т.б. Осыған сәйкес бұл жерде некені бұзу туралы ережелердің жиынтығы бөлінеді.

Неке туралы басқа да **ережелер** бар, олар моральдық, салт-дәстүр, әдет-ғұрып түрінде болады. Олардың қатарына: ерлі-зайыптылардың бір-бірінің көңілін табу, жағыну ережелері, некені және некелік тәртіпті сұрыптап алу, отбасындағы билікті және міндетті бөлісу, балаларды тәрбиелеу, отбасындағы бос уақытты дұрыс пайдалану, т.б. кіреді. Отбасы **қатынастарының** басқа да түрлері бар. Мысалы, туыстармен, достармен, т.б, қатынасу.

Ережелер мен салт-дәстүрлер отбасының дамуына, өзгеруіне байланысты әрбір кезеңде әртүрлі сипатта көрінуі мүмкін. Отбасы қатынастарындағы мәнді құндылықтар мен ережелердің бөлініп отыруы, сонымен қатар ресмилікке жатпайтын ережелерді бұзушылық еліміздің түпкір-түпкірінде, әрбір аймағында кездесіп қалады. Бұлардың көбі салт-дәстүрлерге, олардың кейбірі, мысалы, діни наным айырмашылықтарына, көзқарастарға байланысты болып келеді.

Неке әлеуметтік институт ретінде қоғамның дамуы мен өзгеруіне, оның қажеттілігіне, мұң-мұқтажына, талап-тілегіне байланысты өзгеріп отырады. Отбасын әлеуметтік институт ретінде зерттегенде мынадай **жалпы ұғымдар** қолданылады: 1) некелік қатынастардағы қоғамдық қажеттілік, талап-тілектер, мұқтаждықтар; 2) отбасының әлеуметтік қызметі; 3) отбасы қатынастарындағы ережелер мен бағалық құндылықтар; 4) әртүрлі типтегі (түрдегі) отбасындағы тәртіп үлгілері.

Отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастарды зерттеу барысында отбасы кішігірім топ ретінде қаралады. Отбасының кішігірім әлеуметтік топ ретінде зерттегенде **3 негізгі сипаттамалық тұрпатын** бөліп қарау қажет:

1.Топты жалпы сипаттау. Бұған кіретін мәселелер-отбасы тобының мақсаты мен міндеті, отбасының құрылымы мен мүшелері, отбасының әлеуметтік-демократиялық құрылымы, отбасы тобының өзара іс-әрекетінің сипаттамасы, биліктің құрылымы және т.б.

2.Қоғамның әлеуметтік құрылымы тұрғысынан отбасы тобының өзінен үлкен топтармен байланыс, қатынас түрлерінің сипаты. Қоғамдық қатынастардағы отбасының атқаратын қызметі.

3.Отбасының жеке мүшелеріне байланысты мақсаты, міндеті, атқаратын қызметі, отбасындағы индивидтердің өзара іс-әрекеті, қызметі, топтық тәртіп, топтық бақылау және т.б. Индивидтің топқа енуі, оның отбасына енуіне қанағаттануы, ондағы тұрақтылық.

Ерлі-зайыптылық **2 негізгі** қарым-қатынасқа негізделген: 1) ерлі-зайыптылық; 2) бала туу немесе бала асырап алу.

Отбасы мүшелері бір шатыр астында, яғни бір үйде тұрады, олар отбасының шаруашылығын жүргізеді. Бұл 2-3 адам ұрпағын жалғастырады. Отбасының жалпы шаруашылығы оның өзінен үлкен бірліктерде болуы шеңберіндегі экономикалық іс-қызметпен анықталады. Бұл отбасының шаруашылық қызметі адамдық тұрақты тәртіп үлгілеріне және олардың арасындағы өзара әрекетке байланысты өрбиді.

Отбасы мүшелерінің атқаратын **рөлі** тек қана өзара эмоциялық сезімдермен ғана емес, сонымен бірге, адамдардың үлкен топтары-мемлекет, мешіт, шіркеу, т.б. институттардың қызметімен байланысты болады.

Отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастар олардың сезімімен, салт-ғұрыппен, ұрпақтан-ұрпаққа берілген тәрбие, ереже, т.б. өлшемдер арқылы анықталады. Отбасы өзіне тән жалпы шеңбер (ұлт, мемлекет, мешіт, шіркеу) көлемінде мәдени ортаны жасайды. Осы орта сәби баланың адамдық тұлғасын қалыптастырады.

Жоғарыда көрсетілгендей, отбасы ерекшеліктері қоғамның барлық салаларында, әсіресе, саясатта, экономикада, мәдениетте елеулі өзгерістер тудырады. Сондықтан отбасы қоғамдағы барлық институттардың тұрақты назар аударатын мәселесі, мұнсыз, яғни отбасынсыз ешқандай қоғам болуы мүмкін емес.

Отбасының **функциясы**, яғни атқаратын қызметі әруақытта оның тіршілік ету тәсілінің көрінісі ретінде түсіндіріледі. Осы ретте қоғамның отбасына жасайтын қызметін, ал, отбасының тұлғаға, тұлғаның отбасына жасайтын қызметін бөліп қарауға болады.

Отбасының атқаратын **қызметі** қоғамның әлеуметтік-экономикалық іс-қызметімен тығыз байланысты Тұлғаның дамуына, әрбір ерлі-зайыпты адамдардың бақытты өмір сүруіне, балаларды ізгілікке тәрбиелеуге, ата-аналар мен балалардың арасындағы қатынастарды жақсартуға қажетті жағдай жасау қажет.

Отбасы мүшелерінің арасындағы барлық қатынастардың, атап айтқанда, рухани, адамгершілік, билік, бедел (авторитет), т.б. қатынастардың жиынтығы **отбасы құрылымы** деп аталады. Отбасы құрылымы және оның іштей ұйымдастырылуы көптеген факторларға байланысты. Отбасы құрылымы, ең алдымен, ерлі-зайыптылардың типіне байланысты болады. Тарихи ерлі-зайыптылардың моногамдық және полигамдық түрлері болған.

Ерлі-зайыптыларды сұрыптау тұрғысынан қарағанда-некелік **эндогендік** (яғни, белгілі бір топтың, әсіресе, кастаның ішінен болуы. Бұл алғашқы қауымдық қоғамға тән. Қазіргі уақытта тек қана өз ұлтында немесе діни қауымда болатын некелік) және **экзогамдық** (бұл, керісінше, некелікті белгілі бір топ немесе кастаның ішінен сұрыптап алуға тиым салу, мұнда некелік әрбір топтан серіктестік негізінде құрылады) сияқты категориялар да болады.

Отбасының билік құрылымы **демократиялық** немесе **авторитарлық** деп екіге бөлінеді. Отбасындағы авторитарлық билік әйелдің еркекке қатаң бағынуын, осыдан барып, отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастар қатаң тәртіп арқылы сипатталады. Отбасының **рөлдік (атқаратын қызметі) құрылымы** деп, ондағы жеке мүшелердің белгілі бір қоғамдағы ереже-нұсқауларға, әдет-ғұрыптарға және т.б. негізделген өзара іс-әрекет, қатынастардың жиынтығын айтады.

Әдет-ғұрып, салт бойынша отбасында әйел адам үй шаруашылығын жүргізу, бала табу және баланы тәрбиелеу қызметін атқарса, ер адам үй және шаруашылық иесі, отбасының тұрақты тіршілігін экономикалық тұрғыдан қамтамасыз етеді. Сөйтсе де еркек пен әйел функциялары өзгеріп отыруы мүмкін. Бүгінгі күні көптеген әйел адамдар өндірісте жұмыс істейді және жалпы отбасылық шешімді қабылдауға қатынасады. Мұның өзі отбасының атқаратын қызметінің барлық жағына әсерін тигізеді, әсіресе, демографиялық (туу) тәртібіне зор ықпалын тигізіп, жаңа сәбилердің дүниеге келуін азайтты, некелік айырылысу көбейіп кетті.

Отбасы идеологиясы деп әрбір отбасында қалыптасқан белгілі бір қарым-қатынастар мен құндылықтар жүйесінің жиынтығын айтамыз. Неке-бұл қоғам тарапынан ретке келтірілген әлеуметтік қатынастар, мұнда жеке-дара құштарлық сезім тұрақтылыққа, өзара бейімділікке және неке шарттары ерлі-зайыптылардың нақты әрекетіне айналады. Бейімділік жаңа сәби туғанан кейін тұрақтылыққа айналады, ол жан-жақты дамыған толық ұйымдасқан түрге ауысады. Отбасын құруда табысқа жету, отбасының ыдырауына жол бермеу-бұл маңызды әлеуметтік мәселе. Отбасының береке-бірлігі әр уақытта ішкі және сыртқы күштер ықпалымен қалыптасады. Ішкі күштерге жататындар: балаларға қамқорлық жасау, отбасында еңбекті бөлісу, некені тұлғаның талабын іске асырудың құралы ретінде пайдалану, отбасы мүшелерінің өзара силастығы және т. б. Сыртқы күштер: қоғамдық пікірдің қысымы, қоғамдық ортаның баланы қамқорлыққа алуға талап-тілегі, отбасының өзінің әлеуметтік қызметінің орындалу деңгейі, т.б. Сондықтан некедегі жетістік деп, тұлғалар серіктестігінің, яғни ерлі-зайыптылардың бейімділікке ептілігі, шеберлігі, іскерлігі, ішкі және сыртқы қысымдарды жоюдағы жеңіске жетуі және оның жемісін айтамыз.

Отбасының даму циклдері (кезеңдер). Бұл отбасының өзгеру серпінін-оның пайда болуы мен ыдырауының арасындағы уақытты қамтиды.

Бірінші кезең - некеге тіркелуден және бірігіп өмір сүруден бірінші бала туғанға дейінгі уақыт. **Екінші кезең** - соңғы баланың мектепке баруымен, ал, **үшінші кезең** –соңғы баланың әлеуметтік ер жетуі (бой жетуі), табыс табуы мен оның экономикалық тәуелсіздігі, дербестігі, өз бетінше күн көруі арқылы анықталады. Отбасының тіршілік кезеңдері оның ең басты функциясын орындаумен, яғни адам санын көбейтумен байланысты болмақ.

Отбасының бұдан да басқа өмірлік кезеңдері бар, бірақ, осы жоғарыда көрсетілгендер негізгі кезеңдерін құрайтындықтан осылармен шектелеміз. Кейінгі уақытта жас отбасын зерттеуге жете назар аударылуда. Көпшіліктің ұйғаруымен жас отбасы мынадай белгілермен сипатталады: некеге отырғандардың жасы 30-дан аспайды, бірігіп өмір сүруі 5 жылдан артық емес. Ерлі-зайыпты адамдар бірінші рет некеге отырған. Бұл сипаттама жас отбасын басқалардан ерекшелеп көрсетеді. Жас отбасынан басқа мосқал, кексе адамдардың отбасы бар, ал, толық жетілген отбасы деп мосқал отбасы мен жас отбасы арасындағы отбасын айтамыз.

2. Отбасының тәрбиелік мәні.

Отбасының ең маңызды қызметінің бірі-тәрбиелеушілік міндеті; оны қоғамдық тәрбиенің ең тиімді деген жүйесі де алмастыра алмайды. Оның негізгісі-баланы өмірге келтіру ғана емес, сонымен бірге оған әлеуметтік-мәдени ортаның құндылығын қабылдаттыру, үлкен ұрпақтың тәжірибесін жас ұрпаққа жеткізу, бойына сіңіру, яғни балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру әке-шешенің ең маңызды міндеті. Ата-ананың басқа да отбасы мүшелерінің, әсіресе естиар ұрпақтың беделі, өмір сүру тәжірибесі, жүріс-тұрысы, өз міндеттерін таза атқару, бір-бірін құрметтеп силауы-бәрі де үлкен мектеп, тәрбиелік мәселе. **Отбасынан тыс та тәрбие бар.** Қазақ «ұлың өссе, ұлы жақсымен, қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас, көршілес бол», -дейді. Қиналарлық жағдайлар да бар. Арақ ішу, тәртіп бұзу, бұзақы сөздер сөйлеу, жатып ішерлік-мұның бәрі адам тәрбиелеуге теріс әсерін тигізеді. Отбасының тәрбиелеушілік міндеттеріне тікелей байланысты оның тағы **бір қызметі бар. Оны дамытушы міндет деп атауға болады.** Ата-аналар балалардың жеке ерекшеліктерін неғұрлым ертерек байқауы керек. Сонда ғана балалар өздерінің ішкі қабілеті мен дарынын тез дамытады. Жас күннен бастап олардың қабілетін байқап, оған сәйкес тәрбиелеу, бағдар беру қажет. Балалардың үздіксіз дамуы, творчестволық қабілетін іске асыруы отбасынан басталады. Бұл іс отбасының естиар мүшелерінің тікелей міндетіне жатады: әке-шеше балаларына жақсы тәрбие беруге қоғам алдында жауапкер. **Отбасының бұл қызметі қазіргі уақытта аса маңызды мәселенің біріне айналды.** Отбасының бұл қызметін іске асыру ерлі-зайыптылардың некеден алған қанағатына, отбасының беріктігіне, өмірдің қуанышы мен бақытына байланысты. Отбасының бақыты сүйіспеншілікті нығайта түседі.

Отбасының демалу қызметі отбасының бос уақытты тиімді пайдалануына бағытталады, яғни олардың өзара қатынасының мәдениетін көтеруге, денсаулығын жақсартуға, күш-қуатын қалпына келтіруге жұмсалады. Бақытты отбасында ғана ерлі-зайыптылардың, олардың балаларының өзара қарым-қатынасы орныға түседі.

Отбасының жазылмай жүрген тағы бір қызметі бар. Ол күнделікті өмірде ертеден қалыптасып келеді. **Олар:** отбасының жақсы әдет-ғұрпы, үлгі-өнегесі, ауызбірлігі, ерлі-зайыптылардың сүйіспеншілігі, кездескен қиындықтарды жеңе білуі, тұрмыстық салт. Бұларды ұрпақтан ұрпаққа беру, жалғастыру отбасының міндеті, оны нығайтудың шарты.

Сонымен, біз отбасының негізгі қызмет–міндеттерін қысқаша қарастырдық. Олардың іске асуы көптеген факторларға байланысты, атап айтқанда, қоғамның саяси-экономикалық, рухани жағдайларына, некеде тұрған азаматтардың білім дәрежесіне, мәдениетіне, өмір салтына, олардың құндылық жайлы түсініктеріне және т.б. байланысты.

Отбасының құрамы деп олардың мүшелерінің өзара жиынтығын айтамыз, оған туысқандықтан басқа рухани, азаматтық қатынастар, билік, бедел қатысы да жатады.

Отбасының туысқандық құрылымы, біріншіден жұбайлар мен балалар, екіншіден балалары мен жұбайлары және әйелдің, болмаса күйеуінің бірге тұратын туыстары, немере, шөберелерден тұрады.

Жұбайлардың өзара билік белесіне сәйкес отбасының екі түрі болады:

1) демократиялық; 2) традициялық немесе авторитарлық.

Бала санына байланысты 4 түрлі отбасы болады: 1) көп балалы(үш бала, одан көп); 2) орташа (екі балалы); 3) бір баласы бар; 4) баласыз отбасылар.

Толық емес отбасы

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында аса көп таралған ерлі-зайыптылардың біреуі ғана баламен немесе баласы жоқтан тұратын нуклеарлық отбасы түрлері өте көп. Мұндай отбасы республикада халық құрамы 70%-сын құрайды. Нуклеарлық отбасы – толық немесе толық емес болуы мүмкін. Толық емес отбасының саны ажырасудың, жесір қалудың, әйелдердің некесіз бала босануының нәтижесінде 8%-ды құрайды. Балалы әйелдерден тұратын отбасылар 445 мыңға жетсе, әке мен баладан тұратын отбасылар саны 42 мыңға жеткен.

Көп балалы отбасы

Көп балалы отбасының негізгі проблемалары: Материалдық - әр бала дүниеге келген сайын отбасының табысы кемуі түседі. Толыққанды тамақпен, киіммен, тұрғын-үймен қамтамасыз ету мәселелері. Жоғарыда аталған проблемалардың салдарына байланысты ажырасу санының көбеюі. Әлеуметтік-экономикалық күрделі жағдайларға байланысты ажырасу санының көбеюі. Оқу саласындағы проблемалар. Балаларды тәрбиелеу проблемалары. Көп балалы отбасындағы тіршілік ерекшеліктеріне байланысты балалардың жеке проблемалары.

Отбасының өмір сүру сипатына қарай **үш түрі болады:** 1) дәстүрлі отбасы, бұл ерлі-зайыптылардың, жалпы отбасының құндылығына байланысты. Мұнда бүкіл отбасы мүшелері бос уақытты бірігіп өткізеді, теледидарды бірігіп қарайды, отбасы басшысы формальды болса да ер адам, әйел үй жұмысын істейді, бала тәрбиелейді; 2) ер мен әйел қатынасы кәсіби жетістікке, жеке адамның дамуына бағытталады. Негізінен бір бала болады, үй жұмысын бөліп атқарады, мүмкін болғанынша ата-ана көмегі пайдаланылады. Театрға, концертке, киноға, спортқа бірге барады. Басшылық демократиялық сипаттама болады; 3) жас отбасы, мұнда бос уақытты бірігіп те, бөлек те өткізеді. Бағыты екі балалы болу. Шаруашылық- тұрмыстық қажеттіліктер тең іске асырылады.

Отбасында қайшылықтардың тууының негізгі екі себебі бар: ішкі және сыртқы себептер. Сыртқы себептерге тұрғын үй, табыс, әдет-ғұрып, ұлттық ерекшеліктер жатса, ішкі себептерге-махаббат, эмоциялық-сезімдік, қамқорлық, ауызбірлік, т.б. Себептердің екеуі де жас отбасы үшін дағдарыс жағдайын тудыруы мүмкін.

Ажырасудың негізгі себептері: 1/ жұбайлардың мінез-құлқының, көзқарастарының сәйкеспейуі; 2/ арақ ішу, әсіресе ерлер тарапынан; 3/ үй жағдайының, әсіресе жастарда, қолайсыздығы; 4/ жұбайлық опасыздық; 5/ балалы болғысы келмеушілік; 6/ жыныстық кемшілік.

Зерттеулердің көрсетуіне қарағанда, некенің бұзылу себептері некеге тұрғанға дейінгі жағдайларға да байланысты. Олар әлеуметтік-экономикалық жағдай, қыз бен жігіттің білім ерекшеліктері, мәдени дәрежесі, жас ерекшеліктері, күйеудің, қыздың ата-аналарының теріс әсерлері және т. б.

Қорыта айтқанда, осы күнгі неке-отбасы мәселесінде **үш негізгі, басты проблеманы** атап көрсетуге болады: 1) отбасының беріктік, тұрақтылық проблемасы; 2) бала табу, ұрпақ өсіру проблемасы және 3) отбасының тұрмыс жағдайындағы қиыншылықтар проблемасы.

3. Діннің әлеуметтік мәні

Дін индивидтердің кейбір психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру барысында маңызды **әлеуметтік қызметті** атқарады. Э. Дюркгейм «діни өмірдің қарапайым түрлері» (1912 ж.) атты еңбегінде, адамдар өз өміріндегі қоғамдық билікті мойындағаннан гөрі дінге сенуді жөн санайды дейді. Қоғамдық өмірді қолдай отырып, оның құрылымы мен нормаларын бейнелейді. «Біз өзіміз ойлап таппаған тілде сөйлеп, өзіміз шығармаған құралдарды пайдаланамыз... Өркениеттің мұндай сыйын біз қоғамнан аламыз» – деген Э. Дюркгейм. «Адам өзінен тәуелсіз қандай да бір белсенді күштердің бар екендігін сезінеді және бақытты тағдырды иеленуге мүмкіндік беретініне сене отырып, оны сол қалпында сақтап өзіне берілген күшті, жоғары бағалауға тырысуы ықтимал». Э. Дюркгейм өзінің қорытындысына австралиялық тайпаның тотемдік дінін зерттеу негізінде келді. **Тотем** – қасиетті саналатын табиғаттан берілген символ.

Жалпы тотем – белгілі бір тайпаның немесе этникалық топтың шыққан тегі, арғы атасы деп қарастырылатын өсімдік, жануар, зат немесе табиғат құбылысы. Терминді ғылыми айналымға ағылшын жиһанкесі Дж. Лонг енгізген. Адамзат дамуының алғашқы архаикалық сатыларында адамдар өздерінің табиғатпен етене байланысын толық сезінген, сондықтан да олар өздерінің шығу тегін табиғаттың нақты көріністері арқылы түсіндірген. Адамдардың осылайша өздерін теңестіру формаларын тотемизм деп атайды. Тотемнің әлеуметтегі атқаратын қызметіне оның белгілі бір адамдар қауымдастығының басын біріктіруі, туысқандық сезімін қалыптастыруы жатады. Ең бастысы, тотем «біз» және «басқалар» арасындағы шекараны анықтайды.

Арғы ата – тотемнің сол халықтың мифтерінде, аңыз әңгімелерінде айтылған тарихы, олардың мәдени ұйымдастырылуының негізі болып саналады. Қазірде тотемнің қалдықтарын геральдикадан, тұрмыстық символикадан, т.б. көруге болады. Қазақ мәдениетінің архетипі – көне түркі мәдениетінде де тотемдік көзқарастар молынан кездесіп отырған. Көне түркілердің өздерінің шығу тегін көк бөрімен байланыстыруы қазақ ақын-жырауларының аузына «бөрілі менің байрағым...» деген жолдарды салса, қарапайым халық арасында сол Көкбөрі рухына арналып жасалатын бәйге түрі – көкпар тарту жүргізілген.

Дюркгеймнің көзқарасы бойынша, дін қоғамның құрылымын көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге адамдардың үміті мен сенімін ортақ бір сенім күшіне бағыттап отырып, қоғам құрылымын нығайтады. Мұндай бірігу қызметі ритуалдарды орындау барысында жүзеге асады. Мысалы, тотемизм таралған тайпалардың арасында тотем болып саналатын өсімдік немесе жануарды тұтынуға арнайы ритуалдарды орындау кезінде ғана рұқсат етілген. Қасиетті құпияларға толы христиандық ритуалдар да осындай принциптерге негізделген. Нан және шарап – өзінше тотем. Олар Христостың қаны мен тәнінің символы. Осы тәріздес ритуалдар сенуші топтардың құндылықтарын қолдайды және олардың негізгі нормаларының бұзылуына жол бермейді.

Э. Дюркгеймнің дін теориясында, біріншіден қоғам адамдық тәжірибені нығайтады. Екіншіден, адамдар сыртқы күштердің әсерін түсіндіруге жауап іздейді. Бұл қоғамның құрылымына сәйкес келетін діннің қалыптасуына әкеледі. Дюркгейм бойынша, діннің негізгі белгісі – қасиетті объектілерге бағытталған, қоғамдық келісім күшін жинайтын, ұжымдық сананы қолдайтын және оларға өмірге қажетті сенімді ұялататын ол – ритуалдарды орындау деген. Қоғам бір мезетте әрі Құдай, әрі сенуші болып табылады. Діндегі **басты нәрсе** – догматикалық бөлік емес, керісінше ритуалдарды ұжымдық орындау түріндегі діни іс-әрекет.

Ритуал – әлеуметтік реттелген, рәмізделген жүріс-тұрыстың тарихи қалыптасқан бітімі.

«Әдет-ғұрып», «салт-дәстүр» ұғымдары ритуал түсінігімен тығыз байланысты. Ритуалды, оның мәнін анықтау күрделі мәселе болып табылады. Оның көптеген анықтамалары бар. Зерттеушілердің басым көпшілігі ритуалға анықтама бергенде, оны діни жүріс-тұрысты білдіретін категория ретінде түсінуден бастайды. Мысалы, Э. Дюркгейм ритуалды «адам өзін қасиетті объектілермен қатынаста қалай ұстау керек екендігін айқындайтын жүріс-тұрыс ережелері» деп санайды. Дюркгейм ритуалды тыйым салынған объектілермен байланыстарын **негативті**, ал құрбандық шалу, ата-баба аруағына табыну, күнәсін өтеу сияқтылармен байланыстыларын **позитивті** деп бөлген. Ритуалдың сұрыптамасын жасады. Ол ритуалды әлеуметтік қызметі ұжымдық сезімді күшейту, әлеуметтік бірлікті қолдау деп санады. Осындай анықтамалар ритуалды адам әрекетінің сакральды (құпия) аймағына (күнделікті тұрмыстан бөлек) жатқызады. **Малиновский** ритуалдың қатарына тек діни тәжірибені ғана емес, мистикалық түсініктермен байланысқан магиялық тәжірибені де жатқызды. 19-20 ғғ. бірінші жартысында ритуалды зерттеуде ритуал мен миф арақатынасы мәселесі үлкен орын алды. Антропологтардың қайсыбіреулері ритуал алғашқы, ал мифоның тұрақтануы, оны түсіндіру, рационализациялануы деп санаса (Фрейд, Лич, Робертсон-Смит), ал басқалары миф алғашқы деп санайды (Тайлор, Малиновский, Гуди).

Зигмунд Фрейд, діннің басқа да қызметін көрсеткен. Оның пікірі бойынша, дін – адамдарды бала кезінен бойынан өткізіп келген қорғансыздық қорқынышынан сақтайды. Осындай қорқыныштан сақтанудың жолын бала атаанасынан тапса, сол сияқты үлкендер оның жауабын сүйікті жаратушыдан табуға тырысады. Оның ойынша, діни түсінік – ол әлеуметтік **иллюзиялар**. Адамдар материалдық табиғатқа қарамақайшы өздерінің психологиялық қажеттіліктерге бағытталып өмір сүріп жатқандығын түсінсе, бұл иллюзиялар сейілер еді дейді.

Діннің әлеуметтік қызметтері, негізінен алты салаға, бағытқа бөлінеді. **Бірінші бағыт** – дүниеге көзқарастық қызмет. Дүниеге көзқарас адамдардың, олардың қауымдастықтарының құдай туралы, дүние туралы және ол дүниеден алатын адамдардың орны туралы жүйеге келтірілген білімдердің жиынтығы. Дін, құдай дүниені де, адамды да жаратқан алып күш, теңдесі жоқ құдірет, яғни абсолютті күш деп түсіндіреді.

Екінші бағыт – бағалаушылық. Бұл бағытта діни сананың шешуші рөлі бар. Діни сана, қоғамдық сананың басқа формалары, айталық адамгершілік (этикалық) сана, көркемдік (эстетикалық) сана, құқықтық саналар сияқты өзінің құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Ол жүйеге, ең алдымен, отбасының, оның мүшелері мен туған-туысқандарының қадірлейтін бейнелері, принциптері, нормалары жатады. Содан кейін тайпаның, елдің, халықтың, тіпті, халықтардың да қасиетті деп есептелетін әдетғұрыптары, арғы-бергі ата-бабалардың ерліктері және өткен тарихтың ұлы тұлғаларының өнегеәсиеттері кіреді. Ақыр аяғында, ондай құндылықтар жүйелеріне тылсым күштердің – әулие, періште, құдайдың бейнелері жатады.

Үшінші бағыт – реттеушілік қызметтер. Діни сана, қоғамның құқықтық санасы сияқты, адамдардың бірі мен бірінің, олардың қауымдастықтарға, құдайға, мемлекетке қатынастарын, яғни адамдардың өмірдегі қарым-қатынастарын реттеп отырады.

Дін топтастыру қызметін де атқарады. Дін, дін иелері діни нанымдағы адамдарды белгілі бір мақсаттар төңірегінде топтастырып, ұйымдастырады. Діндерді мәмлеге келтіретін ондағы адамгершілік қағидалар. Осылар негізінде ынтымақтасу да, келісімге келу де жүзеге асады.

Діннің қоғамдағы қызметтерінен оның қоғамдағы рөлі шығады. Алайда Конституциямызда діннің мемлекеттен, мемлекеттің діннен бөлек екені атап көрсетілгені белгілі. Дінді мемлекеттен бөлу мәселесін **Алаш жетекшілері** де көтерген еді. Олар дін қызметкерлері мемлекеттен айлық алып отырса, онда діннің тәуелсіздігі сақталмайды деген. Әрине, Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары дінді мемлекеттен бөлу керек дегенде екеуінің арасына қытай қорғаны салынсын деген ойда болмаған шығар. Өйткені дінсіз мемлекет те, мемлекетсіз дін де жоқ.

Діндердің адам тәрбиесіндегі рөлін ерекше бағалай отырып, діндердің тарихын, олардың ізгілікке, имандылыққа шақырған және т.б. адамгершілікті насихаттаған қағидалары мектептерде оқытылып жатыр. Бұл бүгінгі жаһандану заманында аса қажеттілік болып тұр.

Ғасырлар күткен тәуелсіздік қана қоғамымызда діннің қайта жаңаруы мен жаңғыруына жол ашты. Еліміздің ең алғашқы құжаты – **«Қазақ КСР Мемлекеттік егемендігі туралы»** Декларацияда республика территориясында тұратын азаматтардың діни нанымына, діни ұйымдардың мемлекет және қоғам өміріне қатысуы үшін тең құқыққа ие болуға кепілдік берілді. 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабының бірінші тармағындағы **«Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар»** деп тайға таңба басқандай айқын жазылды.

Мұның барлығы тәуелсіз мемлекетіміздің дін саласындағы бетбұрысын айқындаған, еліміздегі діни кеңістіктің оңалуына игі әсер еткен алғашқы құқықтық қағидалар еді. Бұл әркімнің өзінің дінге көзқарасын дербес айқындауға, ұстануға немесе ұстанбауға еркіндік берді. Дінге сенушілер көбейіп, діни бірлестіктердің саны артты. Сан жағынан көбейе түскен мешіттер имандылық пен ізгіліктің орнына айналды. **1990 жылы** Қазақстанда 671 қана діни бірлестіктер болса, **2011 жылы** ол 6 есеге көбейіп, 4000-нан асты. Осы аймақтың ежелден жалғыз иесі қазақтың дәстүрлі исламдық діни бірлестіктері 46-дан 2337-ге өсті. Көптеген діни мектептер ашылды. Бір қатар жастар шетел діни оқу орындарында білім алуда. Қажылыққа барушылық дәстүрге айналды.

Әрине, қоғам болған жерде бытыраңқылық та болады, бірігу де болады. Қоғам болған соң, этникалық, таптық, ауылдық-қалалық секілді жіктелу бар, жасына қарай, бай кедейлігіне қарай бірнеше топқа бөлінеді. Мәселе оның қай негізде жүріп отырғанында. Бұл жік қоғамның тарихи қалыптасуынан шығып отыр ма, әлде басқа бір тараптың тануынан туындап отыр ма, соған көз жіберу керек. Қоғамдағы жіктелу мен бірігу үзіліссіз жүретін заңды нәрсе. Сол секілді діни жіктеліс те бар, тарихи-ұлттық діндер, дәстүрлі діндер және дәстүрсіз діндер секілді. Мәселе осылардың түкпірінде не тұр. Діни бірлестіктер мен ұйымдардың қандай жағымдыжағымсыз ықпалы бар, соны қарастыруда. Бүгінгі Қазақстанда ресми дерек бойынша 2369 түрлі мұсылман, 286 православиелік бірлестік болса, 83 католик мекемесі, 28 иудейліктердің, 1208 протестанттық ұйым бар. Ал дәстүрсіз діндердің 83 ұйымы, 370 шетелдің миссионерлік секталар мен ұйымдары жұмыс істеуде.

4. Мәдениетті әлеуметтану тұрғыдан түсіну.

Экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени және т.б. деңгейлер қоғам мүшелеріне тиісті ой мен пікір, көзқарас қалыптастырады. Мұның өзі әлеуметтік дамуға ықпал етіп қозғалысқа келтіреді.

«Мәдениет» деген ұғым латын тілінде «Cultura» сөзінен алынған. Ол өңдеу, игеру, әдемілеу, тәрбиелеу, білім алу сияқты мағыналарды білдіреді. Ғылыми әлеуметтану мәдениетті, оның алуан түрлерін адамның қолымен істелген және ақыл-ой санасымен өңделіп, жасалған еңбегінің жемісі ретінде қарастырады.

Мәдениет қоғам дамуының негізгі қажетті саласы. Мәдениетсіз адам қоғамы болмайды. Мәдениеті өркендеген қоғам әр уақытта ілгерілеп, дамиды, мәдениет қоғамдағы барлық құбылыс, процестермен тығыз байланысты. Мәдениет негізінде **екі үлкен** түрде болады: Материалдық және рухани. Адамдар күнделікті өмірде мәдени құбылыстарды әр түрлі түсінеді.

Біреулер мәдениетті қоғамдағы құндылықтарды адамдардың жете ұғынуы, саналы түрде меңгеріп алуы дейді, **екіншілері** – қоғамдағы адамдардың білім мен тәрбие алу процестерінде пайда болған адамның сапалы ақыл-ойы, мінезі, оның ойлау қабілеті, сезімі ретінде қарайды. Осы тұрғыдан олар адамның саяси, құқықтық, кәсіби (мамандық), эстетикалық, т.б. мәдениеттілігі туралы әңгіме қозғайды. **Үшіншілері**, мәдениетті адамның шығармашылық қабілетімен оның білгіштігімен, көркем әдебиетті, өнерді, басқа тілдерді білуімен, кішіпейілділігімен, өзін-өзі ұстай білуімен, құқықтық жауапкершілігімен ұштастырады.

Қазіргі уақытта мәдениеттің **900-ден астам** анықтамалары бар. Осылардың әрқайсысына тоқталмай-ақ, оның мынадай екі анықтамасын көрсетуге болады.

1.Мәдениет–адам **құндылықтарының жиынтығы**. Басқаша айтқанда, мәдениет адамдардың іс-әрекет, қимылдарының, еңбектерінің іс-қызмет, жұмысының, тәжірибесінің негізінде жинақталған және қоғамның ілгері дамуына әсер ететін, адамдардың жоғары адамгершілік қасиеттерінің, ғылымының, білімнің, тәрбиенің, әдет-ғұрып, салттардың бағалы ережелердің, нұсқаулардың, т.б. мұраттардың жиынтығы.

2.Адамдардың **шығармашылық іс-қызметінің тәсілі**. Қоғамдағы әрекеттер барысындағы әр түрлі кертартпалық қате түсініктерге, теріс ұғымдарға, ережелерге, ұсыныстарға, жоқ нәрсеге сенуге, ескі көзқарастарға, әділетсіздікке, әдепсіздікке, формализмге қарсы күресін жоққа шығаруды атайды.

Сонымен, мәдениет дегеніміз, жеке адам бойындағы қасиеттердің дамуы және қоғамдағы құндылықтармен ұштастырылып, әлеуметтік процестермен бірге қайнасуы болып табылады.

Мәдениет қоғамның ерекше бір салалы жүйесі. Бұл қоғам мен адам дамуының сапалық сипаттамасы ретінде субъектінің қоғамға, табиғатқа қатынасының деңгейін білдіретін категория.

Жоғарыда көрсетілгендей, осыған сәйкес жалпы мәдениет ұғымы нақтыланып, ол еңбек мәдениеті, өндіріс мәдениеті, тұрмыс мәдениеті, көркемөнер мәдениеті, экологиялық мәдениет, саяси мәдениет, мінез-құлық мәдениеті, басқару мәдениеті, т.б. түрінде көрініп отырды. Мәдени процесте адам тек қана жай жасаушы ғана емес, сонымен қатар ол ешқандай табиғи керемет сыр күштерге қарамастан оны дамытушы, жетілдіруші, өзгертуші, қайта құрушы жасампаз күш. Адам іс-әрекеті дамуының өзі мәдени құбылыстардың жеке көрінісі болады.


5. Қоғам түсінігі

Қоғам деген не, оның адам өміріндегі рөлі мен орны, қазіргі кезде қандай көзқарастар қалыптасты деген сұрақ социологиялық ғалымдар үшін басты сұрақ болып келген. Қоғам деген ұғым әлеуметтану ғылымының басты категориясы болып табылады. Ғылыми әдебиеттерде қоғамның мәнін түсіндіруге бағытталған анықтамалардың саны көп. Әрине, олардың барлығы бірдей қоғам деген ұғымның мәні мен мазмұнын толық аша алмағанымен бұл анықтамаларда ортақ сипаты белгілер бар.

Қоғам ұғымына анықтама бермес бұрын “табиғат”, “қоғам” деген жалпы ұғымдардың мазмұнын, арақатынасын қарастырып алған жөн. **Қоғам**-табиғаттың құрамдас бір бөлігі дедік. Сонымен бірге табиғатпен тепе-тең нәрсе ретінде қарауға болмайтынын да ескеру керек: бірінші жағдайда “табиғат” ұғымының шегіне жетсек аса кең мағынада алып, адам ой-санасынан тыс және тәуелсіз өмір сүретін объективтік шындықты, бүкіл дүниені білдіру тұрғысында қолданамыз. Бұл тұрғыдан қарағанда, қоғам-табиғаттың бір бөлігі болады. Ал екінші мағынадан алғанда, “табиғат” әлдеқайда тар мағынада қарастырылып, өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесін білдіру үшін қолданылады.

Белгілі югославиялық социолог Д. Маркович мынандай анықтаманы ұсынады: адам дегеніміз “өзінің табиғатқа деген жасампаздық қатынасында өзін еркін, әрекетшіл өзін басқа адамдармен бірігіп әрекет етіп, өзінің биологиялық және әлеуметтік болмысын қамтамасыз ететін субъект ретінде көрсететін қоғамдық жануар”

К. Маркс “қоғам-адамдардың өзара қарым –қатынасының нәтижесі” деген анықтама берген. Адамдар арасындағы айтарлықтай тұрақты және жеткілікті дәрежедегі берік қарым-қатынасы бар бірлестік. Күнделікті тұрмыста “қоғам” ұғымы түрліше мағынада қолданылғанымен, бірақ социологияда “қоғам” деп төмендегідей сипаттамалары бар жиынтықты айтады.



Әлеуметтану қоғамның әлеуметтік құрылысымен тығыз байланысты. Әлеуметтану теориялардың басым көпшілігі қоғамдық құбылыстардың өзгерісі мен дамуын мойындайды. Қоғам туралы идеалистік теориялардың бәріне ортақ нәрсе сол, олар қоғам дамуының қозғаушы күшін идеялардан, формалардан іздейді.

Объективтік –идеалистік социология қоғамның қозғаушы күшін “жоғары” идеядан немесе абсолюттік идеядан іздейді. Енді бір идеалистік теориялар ол күшті қоғамдық сананың айрықша формаларынан, мәселен “халықтың рухани күшінен”, “коллективтік санадан” т.б. іздейді.

Қоғамдық –экономикалық формация ұғымы қоғам дамуының жеке сатыларында бірқатар нақты қоғамдардың ұқсас белгілерін терең зерттеп. Жалпылаудың нәтижесінде тұжырымдады. Осының негізінде бес қоғамдық –экономикалық фармация атап көрсетіп, олардың тарихи даму өткеннен болашаққа қарай, төменгіден жоғары қара, ескі сападан жаңа сапаға өту арқылы жүреді. Қоғамның дамудың бұл жолы социологияда әлеуметтік прогресс деп аталады. Ал егер керісінше керітартпа реакцияшыл күштер де әрекет етіп, әлеуметтік жаңалықтарға кедергі жасауы мүмкін. Мұндай құбылыстарды әлеуметтік регресс деп атайды.

Әлеуметтік прогресс пен регресті бір бірінен айыру үшін оның критерийі қандай және критерий объективтік сипатта ма, соны анықтай білу керек.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, “қоғам” ұғымына мынадай жалпы анықтама беруге болады: **Қоғам** - өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында өзара байланысудың тарихи қалыптасқан формасында біріккен адамдар жиынтығы.

Қоғам бір текті емес, оның ішкі құрлысы және толып жатқан әлеумттік құбылыстары мен процестері бар. Оның құрамдас элементтерін құрайтындар мыналар: адамдар, әлеуметтік байланыстар мен қатынастар, әлеуметтік институттар мен ұйымдар т.б. Социологияның міндеті қоғамның осындай құрлысын ашын көрсетіп, оның ғылыми классификациясын жасап беру болып табылады.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Отбасының құрылымы қандай?
2. Отбасы белгілерін көрсет.
3. Ажырасудың негізгі себептерін атаңыз.
4. Дюркгеймнің дінге көзқарасы қандай?
5. Діннің әлеуметтік қызметтерінің бағыттары.
6. Мәдениет ұғымын түсіндіріңіз.
7. Қоғамның қандай сипаттамалары бар?
8. Әлеуметтік прогресс пен әлеуметтік регресс дегеніміз не?

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Иекенов А.И. Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2004
2. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2007
3. Бринкерхоф Д., Уейте Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 464 б., 2018
4. Ритцер Д., Степницки Д. Әлеуметтану теориясы. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 856 б., 2018
5. Волков Ю.Г., Мостовая И.В., Добреньков В.И. Социология: Учебник. М.: Гардарики, 2012.
6. Добреньков В.И., Кравченко А.И. Социология. В 3-х томах. М., 2013.
7. Общая социология. Учебное пособие. Под ред. А.Г. Эфендиева. М., 2007
8. Жаназарова Ж. З. Семья и общество. – Алматы, 2014.
9. Кодекс РК «О браке (супружестве) и семье». Алматы, 2012
10. Гараджа В.И. Социология религии: Учебное пособие. М., 2014

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!
